

**Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін және
Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта
баланстау жоспарын бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы N 1369 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 451 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 31 наурыздағы N 451 Қаулысымен.

"Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған :

1) телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесі;
2) Телекоммуникацияның әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта баланстау жоспары бекітілсін.

2. Мыналардың :

1) "Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 тамыздағы N 866 қаулысының (Қазақстан Республикасыны ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 30, 407-құжат);

2) "Телекоммуникациялардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта теңдестіру жоспарын және олардың әмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысының ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 тамыздағы N 884 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 19 қаңтардағы N 28 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 қазандағы N 1001 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.30 N 645 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы

29

желтоқсандағы

N

1369

қаулысымен

бекітілген

Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің тізбесі

| Р/с N | Әмбебап қызметтердің атауы | Қол жетімділік деңгейі |
|----------|--|---|
| 1. | Тіркелген жергілікті телефон байланысының қызметтері | елді мекендерде: тұрғындар саны 50-ден 200 адамға дейін - қоғамдық телефон/таксофон арқылы; тұрғындар саны 200 және одан артық адам бар - аралас* (жеке**/ұжымдық***) қол жетімділікті ұйымдастыру |
| 2. | Тіркелген ішкі аймақтық телефон байланысының қызметтері | елді мекендерде: тұрғындар саны 50-ден 200 адамға дейін - қоғамдық телефон/таксофон арқылы; тұрғындар саны 200 және одан артық адам бар - аралас* (жеке**/ұжымдық***) қол жетімділікті ұйымдастыру |
| 3. | Тіркелген қалааралық телефон байланысының қызметтері | елді мекендерде: тұрғындар саны 50-ден 200 адамға дейін - қоғамдық телефон/таксофон арқылы; тұрғындар саны 200 және одан артық адам бар-аралас* (жеке**/ұжымдық***) қол жетімділікті ұйымдастыру |
| 4. | Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері | тұрғындар саны 1000 және одан артық адам бар елді мекендерде - ұжымдық қол жетімділік*** |
| 5. | Қазақстан Республикасы бойынша телеграф байланысының қызметтері (жеделхаттар жіберу) | |

Ескертпе :

Тіркелген жергілікті телефон байланысының қызметтерін байланыс операторлары телефон қосылыстары қызметтерінің уақытпен есептеу төлем жүйесін қолдана отырып немесе онсыз көрсетуі мүмкін.

* аралас (жеке/ұжымдық) қол жетімділік - телекоммуникация қызметтеріне жеке қол жетімділіктің артықшылығы.

**** жеке қол жеткізу жеке абонентке негізгі не қосарланған телефон аппаратын орнату арқылы іске асырылады.**

***** телекоммуникацияның қызметтеріне ұжымдық қол жеткізу мынадай жолмен іске асырылады:**

эмбебап таксофондарды қоса алғанда, (дауыстау телефоны қызметтерінің барлық түрлерін жүзеге асыру мүмкіндігі бар), таксофондар орнату;

факсимильді аппарат немесе модемді қосу мүмкіндігі бар, деректер тарату қызметтерінің және Интернет желісіне қол жеткізудің тіркелген қосылымдары арқылы дауыстау телефоны қызметтерінің барлық түрін ұсынатын телекоммуникация қызметтеріне қол жеткізу орталықтарын (сөйлесу пункттерін) ұйымдастыру;

****** дауыстау телефоны қызметтің мынадай түрлерін қамтиды:**

жергілікті қосу қызметтері;
ішкі аймақтық қосу қызметтері;
қалааралық қосу қызметтері;

басқа операторлардың желілеріне қосу қызметтері.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2007

жылғы

29

желтоқсандағы

№

1369

қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Жоспарға өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.06.30 № 645 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Телекоммуникацияның эмбебап қызметтеріне арналған тарифтерді қайта баланстау жоспары

| р/с № | Әмбебап қызметтердің атауы | А қ ы т ө л е у тәсілі | Тарифтің деңгейі (теңге, ҚҚС-сыз) | | 2009/ 2008 %-бен өзге- руі |
|----------|--|--|--|----------|--|
| | | | 2008 жыл | 2009 жыл | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Тіркелген жергілікті телефон байланысының қызметтері | Т е л е ф о н қосылыстары қызметтерінің уақытпен есептеу төлемінің жүйесі қолданылмай бір негізгі/қосарлан- ған телефон | | | |

| | | | | | |
|----|---|---|---------------|---------------|-----|
| | | аппараты үшін абоненттік төлем (айына): | | | |
| | | қалалық жерлерде | 382,61/300 | 440/345 | 115 |
| | | ауылдық жерлерде | 215,65/181,00 | 265,25/222,63 | 123 |
| | | Қалалық жерлерде телефон қосылыс- тары қызметтері- нің уақытпен есептеу төлемінің жүйесін қолдана отырып, бір негізгі/қосарлан- ған телефон аппараты үшін абоненттік төлем (айына): | 190/134,00 | 218,5/154,1 | 115 |
| | | Телефон қосылыстары қызметтерінің уақытпен есептеу төлемінің жүйесін қолдану кезіндегі жергілікті телефон қосылыстары (қосу ұзақтығының әрбір толық және толық емес 10 секунды үшін) | 0,0696 | 0,08 | 115 |
| 2. | Тіркелген ішкі аймақтық телефон байланысының қызметтері | қосу ұзақтығының әрбір толық және толық емес 10 секунды үшін (аймақ бойынша орташаландырылған тариф) | 1,305 | 1,175 | 90 |
| 3. | Тіркелген қалааралық телефон байланысының қызметтері | қосу ұзақтығының әрбір толық және толық емес 10 секунды үшін (аймақ бойынша орташаландырылған тариф) | 1,305 | 1,175 | 90 |
| 4. | Интернет желісіне қол жеткізу қызметтері | қосудың әрбір толық және толық емес минуты үшін | 0,48 | 0,48 | 100 |
| 5. | Қазақстан Республикасы бойынша | бір сөз үшін | | | |
| | | қарапайым | 3,565 | | 100 |

| | | | | |
|---|-------|------|-------|-----|
| телеграф байланысының қызметтері (жеделхаттар жіберу) | | | 3,565 | |
| | жедел | 8,52 | 8,52 | 100 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК